

**Қостанай қалалық мәслихатының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 205 "Қостанай қаласының 2006 жылға арналған бюджеті туралы" шешімін іске асыру туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 мамырдағы № 1067 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 12 маусымда № 9-1-52 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасындағы Бюджет кодексінің 64-бабының 3)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағына 1)-тармақшасына, Қостанай қалалық мәслихатының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы № 205 "Қостанай қаласының 2006 жылға арналған бюджеті туралы" (тіркеу нөмірі 9-1-34) шешіміне сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында, жергілікті бюджеттен мынадай әлеуметтік төлемдер белгіленсін:

1) қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеу үшін тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде әлеуметтік көмек;

2) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеу үшін тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде әлеуметтік көмек;

3) қайтыс болған Кеңес Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері атақтарына ие болған, Үш дәрежелі Даңқ, "Алтын Қыран", "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағына ие болған, Қазақстан Республикасының және Қазақ Социалистік Кеңес Республикасының, Қостанай қаласының құрметті азаматы деген атақтарына ие болған азаматтарды жерлеу үшін (бұдан әрі-әлеуметтік көмек марапатталған қайтыс болған адамдарды жерлеу үшін) тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің отыз есе көлемінде әлеуметтік көмек;

4) Қостанай облысынан немесе Қазақстан Республикасының тыс жерлерде жалпы орта білім алу үшін арнайы түрдегі білім ұйымдарында оқитын көз сырқаты бойынша мүгедектерге тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде жыл сайынғы біржолғы әлеуметтік көмек;

5) бірінші топ мүгедегін сүйемелдеу үшін қала көлігімен жүруге тиісті жылға



тағайындалады және төленеді. Кемтар және мүгедек-балалардың интернат-үйлерінде немесе санаторлық мектептерінде тұрған мерзіміне әлеуметтік көмек төлеу жүргізілмейді;

7) әлеуметтік көмек төлеу уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес тиісті банктік операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының есеп шотына ақшалай қаражат аударумен жүзеге асырылады.

4. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажет құжаттардың тізімдемесін бекітсін.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша жүргізілсін.

6. Қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиновқа жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Н. Сәдуақасов*